

Раевка селосының көше атауларын өзгерту туралы

Ақмола облысы Раевка селолық округі әкімінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 4 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 21 ақпанда N 1-18-47 тіркелді.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 35 бабына 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Заңының 14 бабына 4) тармағына сәйкес, 2007 жылғы 15 маусымындағы № 8 «Көше атауларын өзгерту туралы» Раевка азаматтарының жиыны, Шортанды ауданының тіл саясаты және ономастика жөніндегі комиссиясының 2007 жылғы 3 шілденің № 11 шешімі бойынша, Раевка селолық әкімі **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Шортанды ауданы Раевка селолық округі әкімінің 21.10.2015 № 7 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Раевка селосының көше атаулары өзгертілсін:
Центральный көшесі Абай көшесіне;
Интернациональный қалтарысы Мәншук Мәметова қалтарысына;
Школьный қалтарысы Шоқан Уәлиханов қалтарысына;
Октябрьский қалтарысы Бейбітшілік қалтарысына;
2. Осы шешім Шортанды ауданы Әділет басқармасында тіркелгеннен кейін күшіне кіреді және ресми түрде жарияланғаннан кейін іс-әрекетіне енгізілді.

Р а е в к а с е л о л ы қ

округінің әкімі

М. Алтайбаев

КЕЛІСІЛДІ:

Шортанды ауданының «Мәдениет және тілдер дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Т. Бартош